

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 21 ақпан N 266

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді бекіту туралы

1999 жылғы 15 шілдеде Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдау туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы

## Келісім

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі,

мемлекеттер арасында халықаралық автомобиль қатынасы саласындағы ынтымақтастықты бұдан әрі дамыту қажеттілігін басшылыққа ала отырып, өз мемлекеттері арасында, сондай-ақ мемлекеттердің аумақтары арқылы транзитпен автомобиль қатынасын жүзеге асыруды жеңілдетуге ұмтылып,

осы мәселелерді өзара көмек көрсету, ынтымақтастық және өзара тиімділік рухында реттеуге ынталанып, осы Келісімді жасауды шешті.

### 1 БӨЛІМ

#### ҚОЛДАНУ САЛАСЫ ЖӘНЕ ҰҒЫМДАРДЫҢ АНЫҚТАМАЛАРЫ

##### 1-бап

1. Уағдаласушы тараптар осы Келісіммен Қазақстан Республикасы мен Молдова Республикасының арасындағы, олардың аумақтары арқылы транзитпен, сондай-ақ үшінші мемлекеттерге Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің бірінде тіркелген автокөлік құралдарымен орындалатын халықаралық жолаушылар мен жүк т а с ы м а л д а р ы н р е т т е й д і .

2. Осы Келісім Уағдаласушы Тараптармен жасалған халықаралық келісімдерден, шарттар мен ережелерден шығатын, оларға міндетті болып табылатын құқықтар мен м і н д е т т е м е л е р д і қ о з ғ а м а й д ы .

##### 2 - б а п

#### О с ы К е л і с і м д е :

"Тасымалдаушы" Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында тіркелген және осы мемлекеттермен автокөлік тасымалдарын ақысына немесе өз есебінен орындауға қолданылып жүрген мемлекеттердің ұлттық заңдарға сәйкес жіберілген кез-келген жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді.

#### " А в т о к ө л і к қ ұ р а л ы "

- жолаушыларды тасымалдау кезінде жолаушыларды тасымалдауға арналған жүргізуші орнын қоса отыратын орын саны техникалық талаптарға сай 9-дан асатын

автобусты немесе кез-келген механикалық жетегімен жол автокөлік құралын сондай-ақ жеке багажды тасымалдау үшін тіркемені білдіреді;

- жүк тасымалдау кезінде жүктерді тасымалдауға арналған механикалық жетектегімен автокөлік құралын немесе техникалық талаптарға сай қайта жабдықталған, тіркеме мен жартылай тіркемені қоса, автокөлік құралын білдіреді. Сонымен қатар, автопоезды тартқыш бір Уағдаласушы Тараптың мемлекетінде тіркелген болуы тиіс;

"Жолаушылардың автобустармен тұрақты тасымалы" - бұл барысында алдын ала белгіленген аялдау мекендерінде жолаушыларды отырғызу және түсіру жүргізілетін, белгіленген қозғалыс жиілігімен, белгіленген бағыттар бойынша жүзеге асырылатын тасымал. Жолаушыларды автобустармен тұрақты тасымалдау алдын-ала белгіленген тариф және кесте бойынша жүзеге асырылуы керек.

"Жолаушылардың автобустармен оқтын-оқтын тасымалы" - бұл екіжақты немесе транзиттік қатынас кезінде:

а) бүкіл жүріс бағытында бір жолаушылар тобын, оларды шығу мекеніне жеткізумен тасымалдайтын автокөлік құралымен жүзеге асырылатын,

б) жеке құрамы өзгермейтін жолаушылар тобы автокөлік құралы тіркелген елден екінші елге тасымалданатын және автокөлік құралы бос қайтатын тасымал.

"Жолаушылардың автобуспен маятникті тасымалы" - алдын-ала жинақталған

жолаушылар тобы бір шығу мекенінен бір бару мекеніне дейін тасымалданатын, бұл орайда екінші тасымалдан кейін бос қайтатын жеке соңғы тасымалдың, бұл орайда екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына бос баратын, мезгіл-мезгіл қайталанатын тасымал.

"Каботаждық тасымал" - бұл бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушысымен екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан екі мекен арасында орындалатын тасымал.

## II БӨЛІМ ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛДАРЫ

### 3-бап

1. Жолаушылардың автобустармен тасымалдары осы Келісімге сәйкес, осы Баптың 3-тармағында көрсетілген тасымалдарды қоспағанда, рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылатын болады.

2. Жолаушылардың автобустармен тұрақты тасымалдары Уағдаласушы

Тараптардың құзыретті органдары өзара келісіммен беретін рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Әрбір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің құзыретті органы оның мемлекетінің аумағы арқылы өтетін бағыт бөлігінде рұқсат шарттарын, атап айтқанда, рұқсаттың қолданылу мерзімін, қозғалыс бағытын, кестені және қолданылатын т а р и ф т е р д і б е л г і л е й д і .

3. Жолаушылардың автобуспен тасымалдарын орындауға мына кездерде рұқсат т а л а п е т і л м е й д і :

а) егер дербес құрамның бір тобы автобус тіркелген Уағдаласушы Тарап Мемлекетінің аумағынан басталып аяқталатын бүкіл жүріс кезінде бір автобуспен тасымалданса және осы жүріс барысында жолаушылардың дербес құрамы өзгермесе;

б) егер дербес құрамның бір тобы, автобус тасымалдан кейін бос қайтатын шартпен, автобус тіркелген Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағынан басталып екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында аяқталатын бүкіл жүріс кезінде бір автобуспен бір бағытта тасымалданса;

в) транзиттік қозғалыс кезіндегі оқтын-оқтын тасымалдау жағдайында.

Қалыптан шыққан барлық тасымалдау кезінде жолаушылардың тізімі талап етіледі.

4. Тасымалдаушының бұзылған автобусты пайдалануға жарамды автобуспен алмастыруы осы Баптың 3-тармағында көрсетілген тасымалдар сипатын өзгертпейді.

#### 4 - б а п

1. Жолаушылардың автобустармен тұрақты тасымалдауға рұқсат беру туралы тапсырыс және рұқсаттың өзі Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары арқылы ж і б е р і л е д і .

2. Тапсырыстың, сондай-ақ рұқсаттардың мазмұны мен нысанын Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары анықтайды.

#### 5 - б а п

Маятникті тасымалдарды орындау үшін Уағдаласушы Тараптардың бірінің өтініші бойынша құзыретті органның рұқсаты қажет. Маятникті тасымалдауға тапсырысты тасымалдаушылар өз елдерінің құзыретті органдарына береді, ал олар осы өтінішті қарап, бұл туралы өз сұраныстарын екінші Уағдаласушы Тараптың құзыретті органына жолдайды.

#### 6-бап

Екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына бос автобустармен кіру

үшін 3-баптың 4-тармағында көзделгеннен басқа жағдайларда құзыретті органның жеке рұқсаты қажет.

### III бөлім ЖҮК ТАСЫМАЛДАРЫ

#### 7-бап

1. Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасында олардың аумақтары арқылы өткінші жүктерді тасымалдау, сондай-ақ жүктерді үшінші елдерге немесе үшінші елдерден тасымалдау Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары беретін рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылады.

2. Әрбір рейске және әрбір жүк автомобиліне немесе автопоезына жеке рұқсат берілуі тиіс. Әрбір рұқсат бір рейсты сол жаққа және кері қарай жүзеге асыру құқығын береді. Бос автокөлік құралдарына да рұқсат қажет. Автопоезбен тасымалдау кезінде т а р т қ ы ш қ а                                    ғ а н а                                    р ұ қ с а т                                    қ а ж е т .

Рұқсаттың мынадай екі үлгісі бар:

а) негізінде Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасында, сондай-ақ екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағы арқылы тасымалдар жүзеге асырылатын әмбебап (екіжақтық/транзиттік) рұқсаттар;

б) негізінде екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінен үшінші мемлекетке немесе үшінші елден екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына тасымалдар жүзеге асырылатын үшінші мемлекеттерге рұқсаттар.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген рұқсаттар мынадай болуы мүмкін:

а) ақылы - жол салықтары мен алымдарын төлейтін;

б) ақысыз - жол салықтары мен алымдарын төлемейтін.

4. Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары жыл сайын осы Келісімнің 15-бабы, 1-тармағында анықталған Аралас Комиссияның мәжілістерінде тепе-теңдікті сақтау шартымен өзара берілетін рұқсаттар мөлшерін анықтайтын болады.

5. Тасымалдауға берілген рұқсатты ол берілген тасымалдаушы ғана

пайдалануы мүмкін және басқа тұлғаға беруге болмайды.

6. Жүктер тасымалын орындауға рұқсатты жүк автокөлік құралы тіркелген мемлекеттің құзыретті органы береді.

7. Уағдаласушы Тараптар бір-біріне ағымдағы жылғы 30-қарашаға дейін келесі жылға рұқсат бланкілерінің келісілген санын береді.

8. Келісімде аталған рұқсаттар екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында орындалатын тасымалдау барысында автокөлік құралында болуы және бақылауға құқығы бар органдардың талабы бойынша көрсетілуі тиіс.

9. Рұқсаттар келесі жылдың 31-қаңтарына (қоса) дейін пәрменді.

## 8-бап

1. Мыналарды тасымалдау кезінде рұқсаттар талап етілмейді:

- а) иммиграция және эмиграция кезінде жылжымалы мүлікті;
- б) жәрмеңкелер мен көрмелерге арналған экспонаттарды, жабдықты және материалдарды;
- в) спорт шараларын өткізуге арналған көлік құралдарын, бәйге аттарын, спорт керек-жарағы мен мүлкін;
- г) театр көрінісі мен реквизиттерін, музыка аспаптарын, кино түсіру, радио, теледидар бағдарламалары мен цирк қойылымдары үшін жабдықты;
- д) қайтыс болғандардың мәйітін немесе сүйегінің күлі бар урнаны;
- е) бір Уағдаласушы Тарап мемлекетінің тасымалдаушыларына сатып алынған жүк автокөлік құралдарының (автопоездарының) алғашқы бос өтуі кезінде;
- ж) бұзылған автокөлік құралдарын;
- з) табиғи апат, апат, күйреу кезінде жедел жәрдем көрсету бойынша;
- и) тіркемемен қоса жалпы салмағы 6 тоннадан аспайтын немесе оның жүк көтергіші 3,5 тонна автокөлік құралымен тасымалдар орындау кезінде;
- к) поштаны.

2. Осы Баптың 1-тармағының б), в), г) тармақтарында көзделген айрықшалықтар жүк автокөлік құралы тіркелген елге қайтып келуге жататын жағдайларда немесе егер жүк екінші елдің аумағына тасымалданатын болса ғана қолданылады.

## IV бөлім ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 9-бап

Қаботаждық тасымалға тыйым салынады.

## 10-бап

1. Уағдаласушы Тараптардың тасымалдаушылары мен автокөлік құралдарының экипаждары аумағымен тасымалдау жүзеге асырылатын елдің жол қозғалысы ережелері мен құқықтық, нормаларын сақтауға міндетті.

Осы ережелерді және құқықтық нормаларды бұзған жағдайда автокөлік құралдарының экипаждары осы елдің заңдарына сәйкес жауап береді.

2. Салмағы мен көлемі екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген барынша жол берілетін өлшемдерден асатын автокөлік құралдарымен жүктерді тасымалдау осы Уағдаласушы Тараптың құзыретті органының арнайы рұқсатын алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде осы мемлекеттің құзыретті органынан арнайы рұқсат қажет.

Молдова Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымалдары туралы Еуропалық Келісімнің (ҚЖЖТ) ережелері сақталатын болады.

Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары арнайы рұқсат беру туралы өтінішке жауапты оны алған күнінен бастап 30 күннен кешіктірмей беруі тиіс.

1 1 - б а п

Бір Уағдаласушы Тараптың тасымалдаушылары екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды орындауды ұйымдастыру мақсатында өз өкілдіктерін құруы мүмкін.

1 2 - б а п

1. Осы Келісім негізінде жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды орындаушы автокөліктік құралдар тауарлар мен көліктік құралдарды импорттауда кедендік ресімдеу мен салықтар үшін салынатын кедендік баждар мен алымдардан босатылады.

2. Екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына осы Келісімнің шеңберінде бұзылған тасымалдау орындайтын автокөлік құралын жөндеу үшін енгізілетін қосалқы бөлшектер елге кіру кезінде кеден органымен құрылған құжаттың негізінде кедендік баждар мен алымдарды төлеуден босатылады. Айырбасталған бөлшектер автокөлік тіркелген мемлекетке кері қарай шығаруға жатады немесе кеден орталығының бақылауымен жойылады.

3. Автокөлік құралында жасаушы зауытпен орнатылған бактердегі отын, ең көбі 200

литрге дейін, және тасымалдауды орындауға қажетті жағармай материалды кеден баждары мен алымдардан босатылады.

### 1 3 - б а п

Шекарадан өтуге байланысты шекаралық, кедендік және санитарлық бақылауға қатысты Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарының ережелері, сондай-ақ екі мемлекет қатысушысы болып табылатын халықаралық Келісімдердің ережелері қолданылады.

### 1 4 - б а п

Уағдаласушы Тараптар мемлекеттері органдары жолаушылардың автобустармен тұрақты тасымалдары кезінде және тауарларды тез бүлінетін және қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде шекаралық, кедендік және санитарлық бақылауды кезектен тыс жүзеге асыратын болады.

### 1 5 - б а п

1. Осы Келісімнің орындалуына жәрдемдесу және туындайтын даулы мәселелерді тез арада шешу үшін Уағдаласушы Тараптар құзыретті органдарының өкілдерінен Бірлескен Комиссия құрады.

Бірлескен Комиссияның отырыстары кемінде жылына бір рет, кезекпен Уағдаласушы Тарап елдерінің аумақтарында өткізіледі.

2. Уағдаласушы Тараптар осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты туындаған барлық даулы мәселелерді Уағдаласушы Тараптардың Бірлескен Комиссиясының келіссөздер жүргізуі және кеңесулер өткізу жолымен шешетін болады. Егер Уағдаласушы Тараптардың Бірлескен Комиссиясы келісімге келмесе рұқсат мөлшерін бөліп беруден басқа дау-дамай төрелік соттың ad hoc қарауына берілуі мүмкін. Осындай төрелік сот рәсімдерінің ережелері көлік саласындағы халықаралық тәжірибеге сай әзірленді.

### 1 6 - б а п

1. Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін өз мемлекеттерінің тасымалдаушыларымен сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Екінші Уағдаласушы Тарап елінің аумағында автомобиль тасымалдары мен жол қозғалысына байланысты қолданылатын қағидаларды, құқықтық нормаларды және осы Келісімнің ережесін бұзатын тасымалдаушылар мен автокөлік құралдарының



экипаждарына қатысты аумағында бұзу болған Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің құзыретті органдары мынадай шаралар қабылдауы мүмкін:

а) бұзу болған Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тасымал орындалу құқығынан уақытша ішінара немесе толығынан айрылады.

б) жасаған құқық бұзушылықтары үшін Уағдаласушы Тараптардың автотасымалдаушылары жүрген мемлекетінің ұлттық заңдарына сәйкес жауап береді.

3. Осы баптың 2-тармағының негізінде қабылданған шаралар туралы Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары бір-біріне хабарлайды.

## 1 7 - б а п

1. Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енуі үшін мемлекеттік рәсімдерді орындауы туралы дипломатиялық арналар бойынша екінші жазбаша мәлімдемені алғаннан кейін 30 күннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісім бес жылдық мерзімге жасалды. Егер Уағдаласушы

Тараптардың бірі оның қолдану мерзімі аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын екінші Уағдаласушы Тарапқа оның күшін жою туралы өзінің тілегін жазбаша дипломатиялық арналар бойынша хабарламаса, оның күші кейінгі бес жылдық кезеңдерге өзінен өзі жалғастырылады.

1999 жылғы 15 шілде Астана арасында екі түпнұсқалық данада қазақ, молдован және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтіні пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының                      Молдова Республикасының  
Үкіметі үшін    Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Молдова Республикасы Үкіметінің арасындағы  
халықаралық автомобиль тасымалдары туралы  
Келісімді қолдану ережелері туралы  
АТҚАРУ ХАТТАМАСЫ

1. Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі мен Молдова Республикасы Көлік және байланыс министрлігі 1999 жылдың " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы Келісімді қолдану ережелерін анықтау мақсатында төмендегідей уағдаласты:

1) Аталған Келісім мағынасында Уағдаласушы тараптардың құзырлы органдары деп төмендегілерді түсіну керек:

Қ а з а қ с т а н т а р а п ы н а н :

а) 3, 4, 5, 6, 7, 9, 13 және 15 баптар бойынша - Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі, 473000, Астана қаласы, Абай даңғылы 49, тел. (3172) 326277, факс (3172) 321058

б) 10-баптың 2-тармағы бойынша - Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Көлікті бақылау комитеті, 473000, Астана қаласы, Абай даңғылы, 49, тел. (3172) 338377, факс (3172) 263485 және Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, 475000, Көкшетау қаласы, К.Маркс көшесі, 81, тел. (31622) 54291, факс (31622) 50620.

М о л д о в а т а р а п ы н а н :

а) 3, 4, 5, 6, 7, 9, 13 және 15-баптар бойынша - Молдова Республикасы Көлік және байланыс министрлігі, MD-2012 Кишинэу қаласы, Стефана Чел Маре алаңы, 134, тел (+0422) 221001, 547772, факс 241553, 546564

б) 10-баптың 2-тармағы бойынша - Автокөлік жөніндегі инспекторат, Кишинэу қаласы, Василе Александри көшесі, 119, тел. (+0422) 222683, факс 220657

2. Осы Келісімнің белгіленген тәртіпте орындау үшін Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары жолаушыларды маятникті немесе үнемі тасымалдауды жүзеге асыруға көрсетілген бағыттар бойынша тасымалдауға келісімді растайтын құжаттар б е р і л е д і .

3. Автокөлік құралдардың жүруіне немесе жүк тасымалдауына төмендегіше:

а) екі Уағдаласушы Тараптар аймағында жүруге рұқсат беру;

б) Келісуші Тараптардың мемлекетінің бірінші аумағынан үшінші елге немесе үшінші елден бір Келісуші Тарап мемлекетінің аумағына тасымалдауды жүзеге асыруға р ұ қ с а т ;

в) Келісуші Тарап мемлекеттерінің аумақтарынан ауыр салмақты және ірі өлшемді көлік құралдарының өтуіне арнайы рұқсат;

г) Келісуші Тараптар мемлекеттерінің аумақтарынан қауіпті жүктерді тасымалдауға а р н а й ы р ұ қ с а т .

4 . Р ұ қ с а т б л а н к і л е р і :

Қазақстан Тарапынан: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде Молдавия Тарапынан: молдаван, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалады.

Рұқсат ресімдеулерінің жосықтарын оңайлату және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру мақсатында аталған рұқсаттарды молдован, қазақ және орыс тілдерінде толтыруға келісілді.

Тиісті күнтізбелік жылда іске асатын рұқсат бланкілері бір жылға жасалуы тиіс және реттік нөмірлері, сондай-ақ Келісуші Тараптардың құзыретті органдарының тиісті қолдары мен мөрлері болуы керек.

5. Қазақстан Республикасы жағынан рұқсат бланкілерін Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Көлікті бақылау комитеті растайтын болады.

6. Молдова Республикасы жағынан рұқсат бланкілерін Молдова Республикасының Көлік және байланыс министрлігі растайтын болады.

7. Келісуші Тараптардың бірлескен комиссиясы немесе құзыретті органдары келесі жылға қажетті рұқсат бланкілерінің санын айқындайды, оларды өзара алмастыруды күнтізбелік жылдың 30-қарашасына дейін жүргізеді. Ағымдағы жылға берілген рұқсат бланкілері келесі жылдың 31-қаңтарына дейін (қоса) пайдаланыла алады.

8. 3-баптың - 3 және 4 тармақтарында және 8-бапта көрсетілген жағдайлардан басқа жағдайларда бір мемлекеттің автокөлік құралдарын екінші мемлекеттің аймағына кіруі туралы рұқсат болмаса, жіберілмейді.

9. Рұқсат бланкілерімен алмасқан кезде Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімнің баптарының орындалу барысы жөнінде, өз мемлекетінің заңдарына енген өзгерістер туралы, халықаралық автомобиль тасымалдаулары, салық және кеден жарналары жөнінде, өткен жылдағы тасымалдаушылардың жағдайы, шекарадан өту жолының жұмыс тәртібі, рұқсат бланкілерін пайдалану, басқа да тасымалдауды жетілдіру жұмыстарына

арналған мәселелер бойынша бірін-бірі бір мезгілде хабардар етіп отырады.

Осы Атқарушы Хаттама екі дана етіп, әрқайсысы қазақ, молдован және орыс тілдерінде жасалған және барлық мәтіндері түпнұсқа болып табылады.

Осы Атқарушы Хаттаманы түсіндіру барысында келіспеушілік туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алу жөнінде келісілді.

1999 жылғы 15 шілдеде Астана қаласында жасалды.

Қазақстан Республикасы  
Көлік, коммуникациялар және  
туризм министрлігі атынан

Молдова Республикасы  
Көлік және байланыс  
министрлігі атынан

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК